

## Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 27 мамырдағы № 492 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 мамырда № 18750 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-1-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (3. А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 мамырдағы  
№ 492 бұйрығымен  
бекітілген

### **Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау қағидалары**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-1-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау тәртібін (бұдан әрі – Қағидалар) айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікте қамтылған ақпарат пен есептеулердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі осы Қағидаларда белгіленген көлемде және нысандар бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.

4. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік бюджеттік және қаржылық есептілік негізінде қалыптастырылатын есептеу әдісі бойынша қаржылық жағдай, таза активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың қозғалысы мен нәтижелері туралы макроэкономикалық көрсеткіштермен байланыстырылған ақпаратты білдіреді.

#### **2-тарау. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін толтыруы**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандары оларда көзделген көрсеткіштерге дәл сәйкестікпен толтырылады. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бекітілген нысандарындағы көрсеткіштер мен олардың кодтарын өзгертуге немесе оларға қосымша көрсеткіштер енгізуге жол берілмейді.

6. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігі осы Қағидаларға, Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінде қолданылатын есеп саясатының қағидаттарына сәйкес жасалады.

Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік бюджеттік бағдарламалар әкімшісі деңгейінде жасалады.

7. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептіліктің титулдық параграфы осы Қағидаларға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептіліктің титулдық параграфында тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жауапты орындаушысының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, жұмыс телефоны міндепті түрде көрсетіледі.

8. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарының мекенжай бөлігі мынадай тәртіппен толтырылады:

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі" деректемесі – "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" деген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мен коды;

"Өлшем бірлігі" деректемесі - мың теңге.

Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына индекс ( болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік (бұдан әрі – БШҚЕ) беріледі.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігі:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес БШҚЕ-1 нысаны бойынша қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есеп;
- 2) Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес БШҚЕ-2 нысаны бойынша қаржылық қызмет нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есеп;

3) осы Қағижаларға 4-қосымшаға сәйкес БШҚЕ-3 нысаны бойынша ақша қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есеп;

4) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес БШҚЕ -4 нысаны бойынша таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы болжамды шоғырландырылған есеп;

5) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес түсіндірме жазба.

10. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі "бағалау" және "болжам" деген бағандар үшін мынадай кестелер пайдаланылады:

№ 1 кесте осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігінің баптарын қалыптастыру мысалдары;

№ 2 кесте осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржылық қызметінің нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есепті қалыптастыру мысалдары;

№ 3 кесте осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ақша қозғалысы (тікелей әдіс) туралы болжамды шоғырландырылған есептің баптарын қалыптастыру мысалдары;

№ 4 кесте осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес "\_\_" жыл үшін ұзак мерзімді активтер бойынша амортизация сомасының есебі.

Осы Қағидаларға 7, 8 және 9-қосымшаларда мысалдар болмаған кезде окига немесе операция осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Қаржы министрінің 22.02.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік мыналардың:

кезекті жоспарлы кезеңге арналған және откен жоспарлы кезеңдегі бюджеттік өтінімдерден;

есепті қаржы жылышындағы шоғырландырылған қаржылық есептілікten;

ағымдағы қаржы жылышын және есепті қаржы жылышын бюджеттік есептілігінен;

мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) откізуден түсетін өздерінің иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының болжамынан;

ағымдағы қаржы жылышын қаржыландыру жоспарларынан;

ағымдағы қаржы жылышын бюджеттік бағдарламаларынан;

іске асыру мерзімі бір жылдан астам, оның ішінде бюджеттік инвестициялық жобалар, қарыз алу, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктері, бюджеттік кредиттер, концессияларды қоса алғанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша шарттардан ақпарат;

қарыз алу, мемлекеттік кепілдіктер және мемлекет кепілгерліктері бойынша ақпараттың;

жоспарлы кезең шығыстарының көлемдерін негіздеу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі пайдаланатын басқа да ақпараттың негізінде жасалады.

12. Республикалық бюджет бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру үшін болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы жылғы 15 мамырға дейінгі мерзімде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.02.2022 № 204 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12-1. Осы Қағидалардың ережелері "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып қолданылады.

**Ескерту. Қағидалар 12-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 22.02.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12-2. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру үшін болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы жылғы 15 мамырға дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

**Ескерту. Қағида 12-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 23.02.2022 № 204 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігі бюджетті әзірлеу, карау және бекіту сатыларына сәйкес келтіруге жатады.

14. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жоспарлы кезеңге арналған жаңа бастамаларға арналған лимиттерді ескере отырып қалыптастырылатын болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыруға негіз болып табылатын құжаттар мен есептерді қоса бере отырып, ағымдағы қаржы жылышының 15 мамырына дейінгі мерзімде бюджеттік өтініммен бір мезгілде ұсынылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарының бағандары бойынша деректерді толтыруды мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

"іс жүзінде" деген баған есепті қаржы жылышының шоғырландырылған қаржылық есептілігінің іс жүзіндегі деректері бойынша толтырылады;

"бағалау" деген баған қаржыландыру жоспары мен ағымдағы қаржы жылының бюджеттік бағдарламаларының деректері бойынша толтырылады;

"болжам" деген бағандар осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді және ақпаратты ескере отырып, жоспарлы кезеңнің бюджеттік өтінімі деректерінің негізінде жылдар бойынша бөле отырып, үш жылдық жоспарланған кезеңге толтырылады;

**Ескерту. 14-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 22.02.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынылатын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігіне орталық атқарушы органның аппарат басшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал ондайлар болмаған жағдайларда – мемлекеттік мекеменің басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға, мемлекеттік мекеменің есептілікті жасауға жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ал соңғылары болмаған кезде міндеттерді атқару тиісті бұйрықтармен жүктелген тұлғалар қол қояды.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 22.02.2021 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МЖАЖ) арқылы электрондық түрде нысандардың толық көлемінде енгізеді. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қарауды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті МЖАЖ арқылы беру күні оны ұсыну күні болып есептеледі.

Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қарау нәтижелері бойынша ескертулер болған кезде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган респубикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісін болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін пысықтау қажеттігі туралы хабардар етеді.

Респубикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі пысықталған болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16-1. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға қағаз тасығышта парақтары нөмірленген кітапша етіп жасалған түрде және мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін пайдалану немесе "Бұлтты құжат айналымы" сервистік бағдарламалық өнім арқылы электрондық құжат түрінде енгізеді. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қарауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қарау нәтижелері бойынша ескертулер болған кезде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік бағдарлама әкімшісін болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін пысықтау қажеттігі туралы хабардар етеді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі пысықталған болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынады.

**Ескерту. 2-тaraу 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 бұйрығымен (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**3-тaraу. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасауы**

**Ескерту. 3-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.08.2021 № 855 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. "Қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есеп" (БШҚЕ – 1 нысаны) активтер, міндеттемелер және таза активтер/капитал туралы ақпаратты білдіреді.

Қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептегі активтер мынадай бөлімдер бойынша ұсынылады: Қысқа мерзімді активтер және Ұзак мерзімді активтер.

"Қысқа мерзімді активтер" деген бөлімде ақша қаражаты және олардың баламалары, қаржылық инвестициялар, қысқа мерзімді дебиторлық берешек, қорлар және өзге активтер көрсетіледі.

Қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есеп активінің 010 "Ақша қаражаты және олардың баламалары" деген жол бойынша түсімдер мен есеп айырысуларды есепке алу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, шетел

валютасындағы шоттардағы және сыртқы қарыздар мен гранттар бойынша арнайы шоттардағы, кассадағы, мемлекеттік мекеменің ағымдағы және есеп айырысу шоттарындағы ақша қаражатының сальдосы, басқа да ақша қаражаты көрсетіледі.

011 "Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары" деген жол бойынша қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының және берілген қарыздардың (бюджеттік кредиттердің) сомасы көрсетіледі.

012 "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген жол бойынша нысаналы трансфертер, субсидиялар, зейнетақылар және жәрдемақылар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек сальдосы көрсетіледі.

013 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген жол бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша дебиторлық берешек сальдосы көрсетіледі.

014 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" деген жол бойынша музикалық мектептерде балаларды оқыту үшін, мектеп-интернаттарда тәрбиеленушілерді ұстau үшін, нысанды киім үшін, мектеп жанындағы интернаттарда балаларды тамақтандыру үшін төлемдердің арнайы түрлері бойынша сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сальдосы көрсетіледі.

015 "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген жол бойынша ведомствоішілік және ведомствоаралық есеп айырысулар бойынша басқа мемлекеттік мекемелердің берешек сальдосы көрсетіледі.

016 "Алуға қысқа мерзімді сыйақылар" деген жол бойынша берілген қарыздар (бюджеттік кредиттер), қаржылық инвестициялар, жалдау және алуға басқа да сыйақылар бойынша қысқа мерзімді сыйақылар сомасы көрсетіледі.

017 "Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" деген жол бойынша есепті сома және қызметкерлермен есеп айырысулың басқа түрлері бойынша қызметкерлердің дебиторлық берешегінің сальдосы көрсетіледі.

018 "Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген жол бойынша жалдау төлемдері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек сальдосы көрсетіледі.

Қаржылық жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек сомасы қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешектен жыл сайынғы өтеуге жататын мөлшерде бөлінеді және 112 "Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" деген жолдан 018 "Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген жолға көшіріледі.

019 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген жол бойынша өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектің сальдосы көрсетіледі.

020 "Қорлар" деген жол бойынша материалдардың, аяқталмаған өндірістің, дайын өнімнің, жолдағы тауарлар мен қорлардың сальдосы көрсетіледі.

021 "Берілген қысқа мерзімді аванстар" деген жол бойынша өнім берушілердің аванстық төлемдер бойынша қысқа мерзімді берешегінің сальdosы көрсетіледі.

022 "Өзге қысқа мерзімді активтер" деген жол бойынша болашақ кезеңдер шығыстарының сомасы және өзге қысқа мерзімді активтер көрсетіледі.

100 "Қысқа мерзімді активтердің жиыны" деген жол бойынша 010, 011, 012, 013, 014, 015, 016, 017, 018, 019, 020, 021, 022-жолдардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді активтер" деген бөлімде қаржылық инвестициялар, ұзақ мерзімді дебиторлық берешек, негізгі құралдар, аяқталмаған құрылымың және күрделі салымдар, инвестициялық жылжымайтын мүлік, биологиялық активтер, материалдық емес активтер және басқа да ұзақ мерзімді активтер көрсетіледі.

110 "Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" деген жол бойынша берілген ұзақ мерзімді қарыздар және қаржылық инвестициялар көрсетіледі. Осы жол бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді бюджеттік кредиттер, заңды тұлғалардың қатысу үлестері немесе бағалы қағаздары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыру немесе ұлғайту бойынша салымдар, халықаралық ұйымдардың акциялары, өзге де ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар көрсетіледі.

111 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі" деген жол бойынша сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сальdosы көрсетіледі.

112 "Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" деген жол бойынша қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сальdosы көрсетіледі.

Қаржылық жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек сомасы қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешектен жыл сайынғы өтеуге жататын мөлшерде бөлінеді және 112 "Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" деген жолдан 018 "Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген жолға көшіріледі.

113 "Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" деген жол бойынша қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің басқа баптарына енгізілмеген өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің сальdosы көрсетіледі.

114 "Негізгі құралдар" деген жол бойынша негізгі құралдардың, оның ішінде концессия шарттары бойынша қабылданған сальdosы көрсетіледі. Осы жол бойынша негізгі құралдар бастапқы құн мен жинақталған амортизация арасындағы айырma ретінде айқындалатын теңгерімдік құн бойынша көрсетіледі.

115 "Аяқталмаған құрылымың және күрделі салымдар" деген жол бойынша күрделі жұмыстардың аяқталмаған циклі бар және есепті құнға пайдалануға тапсырылмаған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер объектілерін салуға, реконструкциялауға, сатып алуға жинақталған шығындардың сомасы көрсетіледі. Осы

жол бойынша құрылыш аяқталғанға дейінгі шығындар құны бойынша концессия шарттары бойынша объектілердің аяқталмаған құрылышы бойынша сальдо да көрсетіледі.

116 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" деген жол бойынша бастапқы құн мен жинақталған амортизация арасындағы айырма ретінде айқындалатын теңгерімдік құн бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлік сальdosы көрсетіледі.

117 "Биологиялық активтер" деген жол бойынша бастапқы құн мен жинақталған амортизация арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын теңгерімдік құн жөнінде биологиялық активтер тобы бойынша сальдо көрсетіледі.

118 "Материалдық емес активтер" деген жол бойынша бастапқы құн мен жинақталған амортизация арасындағы айырма ретінде айқындалатын теңгерімдік құн бойынша материалдық емес активтердің сальdosы көрсетіледі.

119 "Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұзак мерзімді қаржылық инвестициялар" деген жол бойынша үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін квазимемлекеттік сектор субъектілеріне ұзак мерзімді қаржылық инвестициялар көрсетіледі.

120 "Өзге ұзак мерзімді активтер" деген жол бойынша алдыңғы жолдарда көрсетілмеген өзге ұзак мерзімді активтердің сальdosы көрсетіледі.

200 "Ұзақ мерзімді активтердің жиынтық" деген жол бойынша 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120-жолдардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

"Тенгерім" деген жол "Қысқа мерзімді активтере және "Ұзақ мерзімді активтер" деген бөлімдердің жалпы сомасын көрсетеді (100-жол қосу 200-жол).

"Қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің міндеттемелері мен таза активтері/капиталы мынадай бөлімдер бойынша ұсынылады: Қысқа мерзімді міндеттемелер, Ұзақ мерзімді міндеттемелер және таза активтер/капитал.

"Қысқа мерзімді міндеттемелер" деген бөлімде қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, салықтар және басқа да төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек, қысқа мерзімді кредиторлық берешек, қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелер, өзге қысқа мерзімді міндеттемелер көрсетіледі.

210 "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген жол бойынша қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелердің, оның ішінде алынған қысқа мерзімді қарыздардың сальdosы және ұзак мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігінің сальdosы көрсетіледі.

Осы жол бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде болжамды кезеңнің тиісті жылы аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде өтеуге жататын концессия шарттары бойынша қысқа мерзімді міндеттемелердің сальdosы, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша ұзак мерзімді міндеттемелердің ағымдағы бөлігінің сальdosы көрсетіледі.

211 "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша төлеуге жататын, есептелген трансфертер мен субсидиялар бойынша есептелген әлеуметтік төлемдер және халықта әлеуметтік көмек бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек сальдосы көрсетіледі.

212 "Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша бюджетке аударуға жататын салықтар және басқа да сома бойынша берешек сальдосы көрсетіледі.

213 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша ұзақ мерзімді активтерді сатудан, өзге де операциялардан бюджетке аударуға жататын кірістер бойынша мемлекеттік мекеменің қысқа мерзімді міндеттемелерінің сальдосы көрсетіледі.

214 "Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша, сақтандыру төлемдері бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша, басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша берешек сальдосы көрсетіледі.

215 "Өнім берушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша өнім берушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сальдосы көрсетіледі.

216 "Ведомстволық есеп айырыулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша ведомствоішілік және ведомствоаралық есеп айырыулар бойынша басқа мемлекеттік мекемелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сальдосы көрсетіледі.

217 "Стипендияларға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша стипендиялар бойынша қысқа мерзімді берешек сальдосы көрсетіледі.

218 "Қызметкерлер алдында қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша қызметкерлер алдында енбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек және өзге берешек сальдосы көрсетіледі.

219 "Төлеуге қысқа мерзімді сыйақылар" деген жол бойынша алынған қарыздар және басқа да сыйақылар бойынша қысқа мерзімді сыйақылар бойынша берешек сальдосы көрсетіледі.

220 "Жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша есепті күнге жалдау төлемдері бойынша берешек сомасы көрсетіледі.

Қаржылық жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы жыл сайынғы өтеуге жататын мөлшерде қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектен бөлінеді және 312 "Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" деген жолдан 220 "Жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жолға көшіріледі.

221 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша уақытша орналастыру ақшасы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек сальдосы және өзге кредиторлық берешек көрсетіледі.

222 "Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері" деген жол бойынша қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелерінің сальдосы көрсетіледі.

223 "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер" деген жол бойынша алынған аванстар және өзге міндеттемелер бойынша сальдо көрсетіледі.

300 "Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны" деген жол бойынша 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 222, 223-жолдардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді міндеттемелер" деген бөлімде ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер, ұзақ мерзімді кредиторлық берешек, ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелер, басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер көрсетіледі.

310 "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген жол бойынша алынған қарыздар және басқа да қаржылық міндеттемелер бойынша сальдо көрсетіледі.

Осы жол бойынша жоспарланған кезеңнің тиісті жылы аяқталғаннан кейін он екі айдан астам уақыт ішінде өтеуге жататын мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия шарттары бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер де көрсетіледі.

Осы жол бойынша ішкі және сыртқы нарықтарда орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, ішкі және сыртқы қарыздар, өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер көрсетіледі.

311 "Өнім берушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша өнім берушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек сальдосы көрсетіледі.

312 "Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек сальдосы көрсетіледі.

Қаржылық жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы жыл сайын өтеуге жататын мөлшерде қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектен бөлінеді және 312 "Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" деген жолдан 220 "Жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген жолға көшіріледі.

313 "Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" деген жол бойынша бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек сальдосы көрсетіледі.

314 "Ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері" деген жол бойынша ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелерінің сальдосы көрсетіледі.

315 "Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер" деген жол бойынша болашақ кезеңдер кірістерінің және өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердің сальдосы көрсетіледі.

400 "Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны" деген жол бойынша 310, 311, 312, 313, 314, 315-жолдардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

"Таза активтер/капитал" деген бөлімде сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар, резервтер, жинақталған қаржылық нәтиже есебінен қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

410 "Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру" деген жол бойынша сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

411 "Резервтер" деген жол бойынша резервтер бойынша сальдо көрсетіледі.

412 "Жинақталған қаржылық нәтиже" деген жол бойынша жинақталған қаржылық нәтиже көрсетіледі.

500 "Таза активтер/капитал жиынтығы" деген жол бойынша 410, 411, 412-жолдардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

"Баланс" деген жол "Қысқа мерзімді міндеттемелер", "Ұзақ мерзімді міндеттемелер", "Таза активтер/капитал" деген бөлімдердің жалпы сомасын көрсетеді (300 жол қосу 400 жол қосу 500-жол).

18. "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есеп" (БШҚЕ-2 нысаны) кірістер, шығыстар және қаржылық нәтижелер туралы ақпаратты ұсынады.

100 "Кірістер – барлығы" деген жол 010, 020, 030, 040-жолдардың сомасын көрсетеді.

010 "Айырбасталмайтын операциялардан кірістер, оның ішінде:" деген жол бойынша 011, 012, 013, 014, 015, 016, 017, 018-жолдардың сомасы көрсетіледі.

011 "Ағымдағы қызметті қаржыландыру" деген жол бойынша ұстауға және ағымдағы қызметке қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

012 "Күрделі салымдарды қаржыландыру" деген жол бойынша күрделі салымдар бойынша қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

013 "Сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырудан түскен кірістер" деген жол бойынша сыртқы қарыздар түсімінен түскен кірістер көрсетіледі.

014 "Трансферттер бойынша кірістер" деген жол бойынша трансферттер бойынша қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

015 "Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер" деген жол бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер бойынша қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

016 "Субсидиялар" деген жол бойынша субсидиялар бойынша қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

017 "Қайырымдылық көмектен түскен кірістер" деген жол бойынша филантропиялық және (немесе) демеушілік және (немесе) меценаттық қызметтен түскен кірістер сомасы көрсетіледі.

018 "Гранттар" деген жол бойынша түскен гранттар сомасы көрсетіледі.

019 "Өзгелер" деген жол бойынша өзге түсімдерден кірістер сомасы көрсетіледі.

020 "Айырбасталатын операциялардан түскен кірістер" деген жол бойынша тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) сатудан түскен кірістер сомасы көрсетіледі.

030 "Активтерді басқарудан түскен кірістер, оның ішінде:" деген жол бойынша 031 және 032-жолдардың сомасы көрсетіледі.

031 "Сыйақылар" деген жол бойынша берілген қарыздар, қаржылық жалдау, дивидендтер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза табысының бір бөлігі бойынша сыйақылардан кірістердің сомасы көрсетіледі.

032 "Активтерді басқарудан түсетін өзге кірістер" деген жол бойынша активтерді басқарудан түсетін өзге де кірістер сомасы, оның ішінде операциялық жалдаудан түсетін кірістер көрсетіледі.

040 "Өзге кірістер" деген жол бойынша өзге де кірістер сомасы көрсетіледі.

200 "Шығыстар – барлығы" деген жол 110, 130, 140, 150-жолдардың сомасын көрсетеді.

110 "Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстары, оның ішінде:" деген жол бойынша 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123-жолдардың сомасы көрсетіледі.

111 "Еңбекақы төлеу" деген жол бойынша қызметкерлердің пайдаланылмаған демалыстары бойынша есептелген резервке еңбекақы төлеу бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

112 "Стипендиялар" деген жол бойынша есептелген стипендиялар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі.

113 "Салық және бюджетке төленетін төлемдер" деген жол бойынша әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

114 "Қорлар бойынша шығыстар" деген жол бойынша қорлар бойынша шығыстар көрсетіледі.

115 "Іссапар шығыстары" деген жол бойынша қызметкерлердің іссапарларына байланысты есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

116 "Коммуналдық шығыстар" деген жол бойынша коммуналдық қызметтер үшін есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

117 "Жалдау төлемдері" деген жол бойынша операциялық жалдау бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

118 "Ұзақ мерзімді активтерді ұстай" деген жол бойынша ұзақ мерзімді активтерді ағымдағы жөндеуге есептелген шығыстар сомасы көрсетіледі.

119 "Байланыс қызметтері" деген жол бойынша байланыс қызметтері бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

120 "Активтердің амортизациясы" деген жол бойынша ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша есептелген шығыстар сомасы көрсетіледі.

121 "Активтердің құнсыздануы" деген жол бойынша активтердің құнсыздануы бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

122 "Өзге операциялық шығыстар" деген жол бойынша өзге операциялық шығыстар бойынша есептелген шығыстар сомасы көрсетіледі.

123 "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға шығыстар" деген жол бойынша міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

130 "Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар, оның ішінде:" деген жол бойынша 131, 132, 133, 134, 135, 136-жолдардың сомасы көрсетіледі.

131 "Зейнетақылар мен жәрдемақылар" деген жол бойынша зейнетақылар мен жәрдемақылар бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

132 "Субсидиялар" деген жол бойынша жеке және занды тұлғаларға субсидиялар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі.

133 "Нысаналы трансфертер" деген жол бойынша нысаналы трансфертер бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі.

134 "Жалпы сипаттағы трансфертер" деген жол бойынша жалпы сипаттағы трансфертер бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі.

135 "Жеке тұлғаларға трансфертер" деген жол бойынша мемлекеттік мекеменің қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғаларға трансфертер бойынша есептелген шығыстар сомасы көрсетіледі.

136 "Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансфертер" деген жол бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансфертер бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі.

137 "Өзге де трансфертер" деген жол бойынша өзге де трансфертердің сомасы көрсетіледі.

140 "Активтерді басқару бойынша шығыстар, оның ішінде" деген жол бойынша 141, 142-жолдардың сомасы көрсетіледі.

141 "Сыйақылар" деген жол бойынша алынған қарыздар және қаржылық жалдау бойынша есептелген сыйақылар бойынша шығыстар көрсетіледі.

142 "Активтерді басқару бойынша басқа да шығыстар" деген жол бойынша активтерді басқарудан түскен өзге де есептелген шығыстардың, оның ішінде операциялық (пайдалану) және өзге де шығындарды өтеу бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

150 "Өзге шығыстар" деген жол бойынша өзге шығыстардың сомасы көрсетіледі.

210 "Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын инвестициялар бойынша таза пайдалар немесе шығындар үлесі" деген жол бойынша инвестициялар объектісінің пайдасына (шығынына) қатысу үлесі көрсетіледі.

220 "Ұзақ мерзімді активтердің шығуы" деген жол бойынша өтеусіз беруден немесе активтерді есептен шығарудан қаржылық нәтиже көрсетіледі.

230 "Бағамдық айырма" деген жол бойынша бағамдық айырмадан қаржылық нәтиже көрсетіледі.

240 "Өзгелер" деген жол бойынша өзге де қаржылық нәтиже көрсетіледі.

300 "Есепті кезенің қаржылық нәтижесі" деген жол 210, 220, 230, 240-жолдар бар 100 және 200-жолдар айырмасының жалпы сомасын көрсетеді.

19. "Ақша қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есеп" (тікелей әдіс) (БШҚЕ-3 нысаны) тікелей әдісті пайдалана отырып, қаржыландыру көздері және қызмет түрлері бойынша сыныптау бойынша ақша қаражатының ағыны туралы ақпаратты ұсынады.

Есеп үш бөлімнен тұрады: Операциялық қызметтөн түскен ақша қаражатының қозғалысы, Инвестициялық қызметтөн түскен ақша қаражатының қозғалысы, Қаржылық қызметтөн түскен ақша қаражатының қозғалысы.

Операциялық қызмет – инвестициялық немесе қаржылық қызметке жатпайтын қызмет;

қаржылық қызмет – нәтижесінде қарыз қаражатының мөлшері мен құрамында өзгерістер туындаитын қызмет;

инвестициялық қызмет – ақша баламаларына жатпайтын ұзақ мерзімді активтер мен басқа да инвестицияларды сатып алу және сату.

"Операциялық қызметтөн түскен ақша қаражатының қозғалысы" деген бөлімде қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекемелердің ақша шоттарына ақша қаражатының түсіүі және олардың шығыс түрлері бойынша шығуы көрсетіледі.

100 "Ақша қаражатының түсіүі – барлығы" деген жол 010, 017, 020, 030, 040, 050 және 060-жолдардың сомасын көрсетеді.

010 "Бюджеттен қаржыландыру" деген жол бойынша 011, 012, 013, 014, 015 және 016-жолдардың сомасы көрсетіледі.

011 "Ағымдағы қызмет" деген жол бойынша ұстауға және ағымдағы қызметке қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

012 "Күрделі салымдар" деген жол бойынша күрделі салымдарға қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

013 "Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен" деген жол бойынша сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар бойынша қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

014 "Трансфертер" деген жол бойынша мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне ақшалай төлемдер түріндегі жеке тұлғаларға трансфертерден басқа трансфертер бойынша қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

015 "Субсидиялар" деген жол бойынша субсидиялар бойынша қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

016 "Өзгелер" деген жол бойынша алдыңғы жолдарда көрсетілмеген өзге баптар бойынша қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

017 "Сыртқы қарыздар және байланысты гранттар" деген жол бойынша сыртқы қарыздар және байланысты гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның шотына қаражат түсімі көрсетіледі.

020 "Қайырымдылық көмектен түскен ақша бойынша" деген жол бойынша филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен түскен ақша қаражаты көрсетіледі.

030 "Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатудан" деген жол бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша қаражаты түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

040 "Алынған сыйақылар" деген жол бойынша сыйақылар сомасы көрсетіледі.

050 "Уақытша орналастыру ақшасы бойынша" деген жол бойынша уақытша орналастыру ақшасы бойынша сома көрсетіледі.

060 "Өзге түсімдер" деген жол бойынша өзге де ақшалай түсімдер көрсетіледі.

200 "Ақша қаражатының шығуы – барлығы" деген жол 110, 120, 130, 140, 150, 160, 170, 180 және 190-жолдардың сомасын көрсетеді.

110 "Еңбекақы төлеу" деген жол бойынша еңбекақы төлеу, демалыс, өтемақы төлемдері бойынша ақшалай төлемдер көрсетіледі.

120 "Зейнетақылар мен жәрдемақылар" деген жол бойынша зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақылар бойынша ақшалай төлемдер көрсетіледі.

130 "Салықтар және бюджетке төленетін төлемдер" деген жол бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша ақшалай төлемдер көрсетіледі.

140 "Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілер мен мердігерлерге" деген жол бойынша қорлар, жұмыстар мен қызметтер үшін өнім берушілер мен мердігерлерге ақшалай төлемдер көрсетіледі.

150 "Тауарлар мен қызметтер үшін берілген аванстар" деген жол бойынша аванстар бойынша ақшалай төлемдер көрсетіледі.

160 "Трансфертер, субсидиялар" деген жол бойынша трансфертер (мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне ақшалай төлемдер түріндегі жеке тұлғаларға берілетін трансфертерден басқа) және субсидиялар түріндегі ақшалай төлемдер көрсетіледі.

170 "Сыйақылар" деген жол бойынша сыйақылар бойынша ақшалай төлемдер көрсетіледі.

180 "Жылдың аяғында міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларды жабу" деген жол бойынша есепті кезеңнің соңына пайдаланылмаған қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

190 "Өзге төлемдер" деген жол бойынша мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне ақшалай төлемдер түрінде жеке тұлғаларға трансфертер бойынша, стипендиялар, іссапар шығыстары, сақтандыру және жалға алу төлемдері, міндетті

әлеуметтік аударымдар бойынша, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар бойынша ақшалай төлемдер, табыс салығынан басқа, жалақыдан ұсталған барлық төлемдер және алдыңғы баптарда көрсетілмеген ақшалай шоттар бойынша басқа да төлемдер көрсетіледі.

300 "Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы" деген жол бойынша ақшалай түсімдер мен ақшалай төлемдер арасындағы айырма көрсетіледі (100 -жол алу 200-жол).

"Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы" деген бөлімде ұзақ мерзімді активтермен және қаржылық инвестициялармен операциялар бойынша ақша қаражатының түсімдері мен төлемдері көрсетіледі.

400 "Ақша қаражатының түсі – барлығы" деген жол 310, 320, 330, 340 және 350-жолдардың сомасы көрсетіледі.

310 "Ұзақ мерзімді активтерді сату" деген жол бойынша ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен ақшалай түсімдердің сомасы көрсетіледі.

320 "Бақыланатын және басқа да субъектілердің үлесін іске асыру" деген жол бойынша бақыланатын және басқа да субъектілердің капиталындағы үлесті сатудан түскен ақшалай түсімдердің сомасы көрсетіледі.

330 "Бағалы қағаздарды сату" деген жол бойынша бағалы қағаздарды сатудан түскен ақшалай түсімдердің сомасы көрсетіледі.

340 "Қарыздарды өтеу" деген жол бойынша бюджеттік кредиттерді өтеу сомасы көрсетіледі.

350 "Өзгелер" деген жол бойынша инвестициялық қызметтен түсетін өзге де түсімдер бойынша ақша қаражатының сомасы көрсетіледі.

500 "Ақша қаражатының шығуы – барлығы" деген жол 410, 420, 430, 440, 450 және 460-жолдардың сомасы көрсетіледі.

410 "Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу" деген жол бойынша ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға ақшалай төлемдердің сомасы көрсетіледі.

420 "Бақыланатын және басқа субъектілердің үлесін сатып алу" деген жол бойынша бақыланатын және басқа субъектілердің капиталына қатысу үлесін сатып алуға ақшалай төлемдер сомасы көрсетіледі.

430 "Бағалы қағаздарды сатып алу" деген жол бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға ақшалай төлемдердің сомасы көрсетіледі.

440 "Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру және толықтыру" деген жол бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарына ақшалай салымдардың сомасы көрсетіледі.

450 "Берілген қарыздар" деген жол бойынша берілген қарыздар бойынша ақшалай төлемдердің сомасы көрсетіледі.

460 "Өзгелер" деген жол бойынша инвестициялық қызметтен, оның ішінде аяқталмаған құрылышқа және материалдық емес активтерге күрделі салымдарға өзге де шығарылған ақша қаражаты бойынша сома көрсетіледі.

600 "Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы" деген жол бойынша ақшалай түсімдер мен ақшалай төлемдер арасындағы айырма көрсетіледі (400 -жол алу 500-жол).

"Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы" деген бөлімде қарыздарды алу және өтеу көрсетіледі.

700 "Ақша қаражатының түсі – барлығы" деген жол 610 және 620-жолдардың сомасын көрсетеді.

610 "Қарыздар алу" деген жол бойынша мемлекеттік мекеме алған қарыздардың сомасы көрсетіледі.

